

3

Дәрігер деген
дегдар

4

Асық атып,
алтын алдыАСЫҚ АТУ
(АСЫҚ АТУ, БЕС АСЫҚ)

Сыр бойы

12 қыркүйек, бейсенбі 2024 жыл

№140 (20814)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ТАПСЫРУ РӘСІМІ ӨТТІ

Президент бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

«Ақорда» резиденциясында жеті мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Испания Корольдігінің елшісі Луис Франсиско Мартинес Монте, Эстония Республикасының елшісі Яап Ора, Өзбекстан Республикасының елшісі Бахтиёр Ибрагимов, Судан Республикасының елшісі Мұхаммед әл-Газали Сиррадж, Руанда Республикасының елшісі Чарльз Кайонга, Доминикан Республикасының елшісі Алехандро Ариас Сарсуэла және Маврикий Республикасының елшісі Хесвар Джанке тапсырды.

Мемлекет басшысы дипломаттар алдында сөз сөйледі.

– Қазақстан сыртқы саясатында бейбітшілікті жақтайды, БҰҰ Жарғысының қағидаттарын берік ұстанады және халықаралық ынтымақтастыққа әрдайым ашық. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық кеңістіктегі орнын ешқандай құрылым алмастыра алмайтынына нық сенімдіміз. Бұл бірегей ұйымды әрқашан қолдаймыз. Осы орайда сіздердің елдеріңізбен екіжақты қарым-қатынасты, сондай-ақ көпжақты деңгейдегі байланыстарды дамытуға ниеттіміз. Қазақстан – қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Біз экономикамыздың тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылып отырмыз. Әрине, бұл оңай емес. Оның табысты болуы көп жағдайда халықаралық ықпалдастыққа, соның ішінде сіздердің елдеріңізбен арадағы ынтымақтастықты дамытуға байланысты, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттерінің басыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЕНДІГІ МІНДЕТ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын тапсырмалар талқыланып, Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлданды. Жауапты ведомство басшыларына алдағы міндеттер бойынша бірқатар тапсырма берілді.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған құжат негізінде әзірленетін өңірлік жоспардағы басым бағыттарға тоқталды.

– Өткен аптада Жолдауды іске асыру мәселелерін арнайы қарап, нақты тапсырмалар бердім. Жоспардағы негізгі шаралар халықтың табысын арттыру, әлеуметтік теңсіздікті азайту, инфрақұрылымды одан әрі дамытуға бағытталып, мерзімінде және нәтижелі іске асырылуы тиіс. Облыстық экономика және қаржы басқармасы Жолдауда айтылған барлық тапсырманы өңірлік жоспарға енгізуі қажет. Жоспардың мерзімінде, сапалы орындалуын үйлестіру және бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Жаналинов Данияр Еренғалиұлына жүктелді, – деді облыс әкімі.

2-бет

/// МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЫСТЫҚ СУ: ҚОНДЫРҒЫДАН ҚҰБЫРҒА АУЫСУ

Елімізде жүзеге асырылып жатқан ұлттық, мемлекеттік, өңірлік бағдарламалардың ең басты көздеген мақсаты – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру. Жол, көлік қатынасы, жылу, жарық, ауысу, аяқсу сияқты қажеттіліктердің толықтай шешім табуы үшін көз алдымызда қаншама жұмыс жасалады.

Өткен жылы Мемлекет басшысының Сыр өңіріне сапарынан соң Қызылорда қаласындағы жылдар бойы түйін болған бір түйткіл тарқалды. Ол – көпқабатты тұрғын үйлердің ыстық су мәселесі.

«АРИСТОННЫҢ» «АТАСЫНА» РАХМЕТ!

Адамның өз қажеттілігіне қарай бейімделуі – табиғи заңдылық. Біздің жерлеріміз де «ыстық суымыз жоқ» деп қарап отырмады. Күнделікті тұрмыстағы осы бір қиыншылықтың шешімін табуға ұмтылып, су жылытқыш құралды жаппай қондырып, оған әбден үйреніп алды. Су жылытқыштан басқа да тұрмыстық техникалар шығаратын «Аристон» фирмасының аты ыстық су деген сөздің баламасына айналып кетті. Осы құрылғыға көзіміз үйренгені сонша, «қызылордалықтар басқа қаладан пәтер жалдағанда «Аристон жоқ па не?» деп сұрақ қояды» деген әзіл-шын аралас әңгіме де таралды. Жылдар бойы қолымызды тура мәнінде жылы суға салған «Аристонның» «атасына» рахмет, енді оның керегі болмайтын уақыт жақындап қалды.

4-бет



Коллаж: К.Оразбаев

/// БӘРЕКЕЛДІ!

БЕКСҰЛТАН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Елордада өтіп жатқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында тоғызқұмалақтан жерлесіміз Бексұлтан Бостандықов чемпион атанды.

Осылайша Сарыарқаның сайын даласындағы дүбірлі доданың жүлдесін Сыр өңірінің спортшысы қанжығасына байлады. Төрткүл дүние көз тіккен байрақты бөсекеден жеткен ақжолтай хабарға аймақ басшысы өз қуанышын білдіріп, чемпионды құттықтады.

«Жеңіске деген жігерін жанып, әлем назарындағы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында үздік нәтиже көрсеткен Сыр спортшысын айтулы жеңісімен құттықтаймын. Ақыл-ойдың аламан бәйгесінде бар өнерін ортаға салған Бексұлтан ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланып, елдің арқан үмітін ақтай білді. Бексұлтанның жеңісті жолы ұлттың ұлы үмітін арқалаған қыз-жігіттерге жұғысты болғай. Күллі әлем

жұртына нағыз көшпенділердің болмысын танытқан, Мемлекет басшысы «Көшпенділер олимпиадасы» деп атаған сайыста барша спортшыларымызға сәттілік тілеймін. Алға Қазақстан!» делінген құттықтауда.

Адамның ой-өрісін дамытуға, шынықтыруға, баланы тапқырлыққа, ұстамдылыққа, ұқыптылыққа баулитын қазактың ұлттық ойынының зияткер ұрпақ тәрбиелеудегі ролі әлдеқашан дәлелденген. Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының чемпионын құттықтаймыз!



/// САУАЛНАМА

ЕЛІМІЗДЕ MICS ЗЕРТТЕУІ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда 2 қыркүйек пен 29 қараша аралығында Халықаралық Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (MICS) өтеді. Сауалнама еліміздегі 24 мың үй шаруашылығында жүргізіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары Гүлмира Иманбаева мәлім етті.

– ЮНИСЕФ әзірлеген Халықаралық Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (MICS) 2 қыркүйек күні басталды. Аталған іс-шараның маңызды өте үлкен. Өйткені, MICS-тен алынған мәліметтер бізге базалық көрсеткіштер мен мақсатын салыстырмалы анықтауға, ұлттық және халықаралық

міндеттемелерді орындаудағы прогресті бақылауға мүмкіндік береді. Біздің зерттеу Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігімен бірлесіп отырып, БҰҰ-ның халықты қоныстандыру қорының (ЮНФПА) және Азия даму банкінің қолдауымен жүргізіледі. Биылғы Қазақстандағы MICS әйелдер мен балалардың денсаулығы мен әл-ауқатының

жай-күйін бағалауды мақсат етеді. Сондай-ақ олардың дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша сенімді ақпарат алуды көздейді. Бұл олардың әл-ауқатын тиімді бақылауға және ұлттық саясаттың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Біздің өңір бойынша 4 572 үйге сауалнама жасалады, – деді ол.

Сауалнама денсаулық сақтау, тамақтану,

« Сауалнама денсаулық сақтау, тамақтану, білім беру, санитария, балаларды ерте жастан дамыту және басқа да көптеген аспектіні қамтитын сұрақтардан тұрады. Бес негізгі сауалнама парағы болады, әр сауалнама тұрмыс пен денсаулықтың түрлі аспектілерін қамтиды. Ол ерікті түрде өтеді, яғни, оған қатысу-қатыспау әр азаматтың өз еркінде. Бұған қоса, алынған ақпараттың анонимдігі қатаң сақталады.

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТҰМАУҒА ЕКПЕ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда тұмауға қарсы екпе егу 15 қыркүйекте басталады. Қазір ол үшін 2,3 млн доза вакцина сатып алынған. Бұл туралы 24.kz хабарлады.

Ресейде өндірілген екпенің алғашқы партиясы елге жеткізілген. Вакциналау медициналық мекемелер жанындағы арнайы кабинеттерде және көшпелі бригадалар көмегімен жүргізіледі. Медицина, әлеуметтік мекеме қызметкерлері мен мүгедек жандар жоспарлы түрде егіледі. Сол секілді денсаулық жағдайы бойынша есепте тұрған және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар вакцинамен қамтылады. Қалған азаматтар екпені қалауы бойынша ақылы негізде алады.

ҚАЗІР ҚАНША БОС ОРЫН БАР?

Тамыз айында Электрондық еңбек биржасында білім беру саласының мамандарына деген сұраныс артқан. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегін Informburo.kz келтірді.

Тамыз айында Enebek.kz электрондық еңбек биржасында 131,8 мың бос жұмыс орны және 129 мың түйіндеме шыққан. Бір айдың ішінде бос орындар саны 26%-ға (27,4 мың) артып, ал түйіндеме саны 3%-ға (3,5 мың) азайған.

Мамандардың айтуынша, сұраныстың айтарлықтай өсуі білім беру саласындағы жоғары білікті кадрларға түскен.

«Мұны жана оқу маусымының басталуымен байланыстыруға болады. Жалпы және орта білім беру ұйымдарынан 15 мыңнан астам бос жұмыс орны шыққан. Математика мұғалімдері (3,3 мың бос жұмыс орны), тәрбиешілер (3 мың), бастауыш сынып мұғалімдері (2,3 мың), орыс тілі мен әдебиеті (2,2 мың бос жұмыс орны) сұранысқа ие мамандықтардың қатарына еніп отыр» делінген хабарламада.

ЖЫЛЫНА 700 ТРАКТОР

Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары ауыл шаруашылығы техникасы саласындағы жетекші компаниялардың бірі – қытайлық «Zoomlion Agriculture Machinery Co Ltd.» өкілдерімен кездесу өткізді деп хабарлайды BAQ.KZ.

Жалпы бұл жоба Қазақстандағы «QazTehna» кәсіпорнымен ауқымды ынтымақтастықтың бір бөлігі болып табылады.

Жыл сайын Саран қаласындағы зауытта 700-ге дейін трактор шығару жоспарланған. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі бұл серіктестіктен үлкен үміт күтеді және жобаны іске асыруда қолдау көрсетуге дайын. Ұлттық маңызы бар өткен жылдың жазында лицензиялық келісімге қол қойылған басталған болатын, енді өндіріс практикалық кезеңге өтіп отыр.

Білім беру, санитария, балаларды ерте жастан дамыту және басқа да көптеген аспектіні қамтитын сұрақтардан тұрады. Бес негізгі сауалнама парағы болады, әр сауалнама тұрмыс пен денсаулықтың түрлі аспектілерін қамтиды. Ол ерікті түрде өтеді, яғни, оған қатысу-қатыспау әр азаматтың өз еркінде. Бұған қоса, алынған ақпараттың анонимдігі қатаң сақталады.

Айта кетейік, елімізде MICS зерттеуі төртінші рет өткізіліп отыр. Бұған дейін мұндай зерттеу 2006, 2010 және 2015 жылдары жүргізілген. Биылғы сауалнама балалар мен әйелдердің ахуалын бағалау үшін пайдаланылатын негізгі көрсеткіштерді жинау мақсатында өткізіледі.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы

\$ 477,45 kzt

€ 527,10 kzt

₴ 5,24 kzt

Ауа райы

☀️ +22° +24°

☀️ +23° +25°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОММУНАЛДЫҚ ҚАРЫЗДАР
ТОЛЫҚ ӨТЕЛУІ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жылу беру маусымына дайындық барысы қаралды.

— Өздеріңізге белгілі, жылу беру маусымына әзірлік Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тікелей бақылауында. Биыл жылу көздері мен желілерін жаңғыртпау республикалық және жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге қаржы

бөлінді. Осы қаржыны тиімді игеріп, жұмысты уақытты және сапалы жүргізу қажет. Нысандардың барлығы 1 қазанда дайын болу керек. Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз етудегі түйткілдер де түгелімен шешім табуы, алдағы

жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс, — деді облыс әкімі.

Өткен мәжілісте қала және аудан әкімдеріне тұрғындарға қажетті көмір қорын жасақтау тапсырылды. Алайда, бүгінгі күнге теміржол арқылы жеткізілген көмірдің көлемі жеткіліксіз. Аудан әкімдері операторлармен, «Қазақстан Темір жолымен» тығыз жұмыс жасауы қажет.

Осыған дейін коммуналдық мекеме басшыларына қарыздарды толық өтеу ескертілген болатын. Дегенмен, бүгінде ЖЭО-ның «ҚазГАЗ» алдындағы қарызы 38 млн теңгеге жеткен, ал КРЭК-тің ЖЭО-ға берешегі 521 млн теңге. «Энергосервис» КРЭК-ке 138 млн теңге, «Қызылорда су жүйесі» ЖЭО-ға 137 млн теңге, КРЭК-ке 87 млн теңге, «Энергосервиске» 185 млн теңге қарыз.

Аталған мекеме басшыларына коммуналдық қарыздарды қысқа мерзімде толық өтеу міндеті қойылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ
ЖӘНЕ ЕНДІГІ
МІНДЕТ

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – жұмысшы мамандар даярлау, жастардың жұмысшы мамандығына деген қызығушылығын арттыру. Қоғамда еңбек адамның тұлғасы қалыптастыру бүгінгі күннің басты бағдарына айналуы тиіс.

Аймақтағы индустриалдық-инновациялық жобалардың қарқынды жұмысшы мамандарға деген сұранысты жыл сайын арттырады. Ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларына жұмысшы мамандар қажет. Білім беру ұйымдары кадр даярлауда сапаға және еңбек нарығындағы сұранысқа айрықша көңіл бөлуі тиіс. 2022-2023 жылдары өңірміздің 9 колледжіндегі 38 мамандықтың 52 біліктілігі бойынша лицензиялары қайтарылды. Сондықтан саны бар да сапасы жоқ оқу орындарының лицензияларын қайтаруды әлі де жалғастыру қажет.

Облыстық білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалымен бірлесіп, 2025 жылы 9-сынып бітірушілерінің арасынан жұмысшы мамандығын алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамтуға жауапты. Өткен оқу жылында колледждерді 5895 адам бітірген, 1870-сі (32%) жоғары оқу орындарына оқуға түскен. Қалған түлектерді тұрақты жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармалары, қала, аудан әкімдіктеріне осы мәселені қатаң бақылауға алып, бітірушілерді тұрақты жұмысқа орналастыру тапсырылды.

Жынында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, облыс үшін өзекті саналатын салық базасын ұлғайту, бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау, келесі егін егу маусымына дайындық, жылу беру маусымы қарсаңындағы жоспарланған жұмыстар барысы талқыланды. Аймақ басшысы лауазымды тұлғаларға өз міндетіне жауапкершілікпен қарау, тапсырмаларды мұқият орындау қажеттігін ескертті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

КӨЛІК
ҚОЗҒАЛЫСЫ
ҚАЙТА
ЖАНДАНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаппасбай батыр көшесіне барып, Қорқыт ата көшесінен көлік жолаушыларына дейінгі бөлікті жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

Жобаның мердігері – «УАД», техникалық қадағалаушы – «Тараз-Технопроект» серіктестіктері. Төрт жолақты жолдың ұзындығы – 3,3 шақырым. Жобада жаяу жүргіншілер жолын және жарықшамдар орнату қарастырылған.

Жаппасбай батыр көшесі – қаладағы магистральді көшенің бірі. Мұндағы көлік қозғалысы қайта жанданады.

Еске салсақ, биыл қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 34,8 млрд теңге бөлінген, 97 көшені салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ 54 көшеге жаяу жүргінші жолы салынып, 81 көше жарықтандырылуда. Мұнан бөлек, әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, Шниелден кіреберіс жол, Ясауи, Жаппасбай батыр көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы кеңейтілуде. Ал «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы «Қызылорда-Құмкөл» автомобиль жолын қайта жаңғырттады.



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

КІШІ АРАЛДЫҢ
ҮЛКЕН МӘСЕЛЕСІ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов депутаттар атынан ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қ.Бозымбаевқа сауал жолдады.

Құрметті Қанат Алдабергенов!

Депутаттық сауалыма экологиялық апаттың бар қиындығын бастан кешіп отырған Арал халқының Кіші Аралға қатысты ұсыныс-тілегі арқау болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында экологиялық ахуалды жақсарту алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі екенін атап өтті. Ал Арал тағдыры – адам тағдырына айналды.

Он бес жылдан бері Солтүстік Арал теңізінің «САТ» сактап қалу жобасының екінші кезеңі айтыс-тартыспен кешіккен жайы бар. Сыр суының байырғы мамандары мен теңізбен тағдырлас Арал халқы Кіші Арал – «САТ» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруға жобаның бір деңгейлік нұсқасын табанды түрде сұрап келеді.

«САТ» жобасының бірінші кезеңі 2005 жылы «Көкарал» бөгетін көтерумен жүзеге асты. Бір еттеген-айы, «Көкарал» бөгеті «Сырдарияда су аз болды» деген орталықтағы мамандардың болжамымен өте төмен салынды (42 м.НГ). Айта кететін жайт, 14 жыл Су министрі болған, ғұмырын су саласына арнаған Нариман Қыпшақбаевтың бөгетті 52-53 метр биіктікте көтеру туралы талап-ұсынысына қол тұстағы «Казгипродводхоз» жобалаушылары қолда аспаған екен. Нәтижесі міне, біріншіден, теңіздің тағдырын шығыны ұшан «Сарышанакка» байлағалы отыр.

Екіншіден, «Көкарал» бөгетінің құрылысында жіберілген қателіктен ұлы теңіз жағына қарай 48 млрд текше метр шамасында су зая кетті. Мыңдаған тонна балық рәсуа болды. Енді тиімсіз жобаны жүзеге асырып, осылай Аралдың тағы бір қасіретіне өзіміз жол бермеуіміз бе?

Тиімділігі төмен әрі эксплуатациясы өте қымбат «Сарышанакка» нұсқасы осы ретте мақұлданыуы өбден мүмкін. Мақұлданып жағдайда теңіз екінші рет экологиялық апатқа ұшырап, жоғалып тынады.

Айдыны қашқан Аралға кездесуге барған сайын қараша халықтың талабы – тек теңіз. Қазір менің атыма 200-ден аса қол қойылған өтініш хат келіп түсті. Өтініште Су ресурстары және ирригация министрлігі ұсынған екі деңгейлі схеманы халық түбегейлі қарсы. Қазір жобаны жүзеге асыру үшін Дүниежүзілік банктен 1,5 миллион доллар бөлінген. Бір қызығы, жергілікті халықпен толық келіспей, қоғамдық талқылаудан өткізілмей қаражат игеріліп қойған. Оған мүдделі кім, қаржы мақсатты жұмсалды ма деген сауалдарды алға тартып, «Қамыстыбас» көлінің тағдыры кешенің бұлдреге болмайтынын тағна таңба басқандай баяндаған. Халық қырағы.

Арал тақырыбы әлемдік биік мінберлерде тілге тиек етілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Біріккен Ұлттар Ұйымында Аралдың ахуалын ашық айтты. Бұл орасан зор жауапкершілік десек, әлемдік климаттың индикаторы саналатын Арал теңізінің бүгінгі – өз қолымызда.

Осыған орай, ел аманатын арқаулан «АМАНАТ» фракциясы келесі мәселелерді шешуді қажет деп есептейді:

Бірінші кезекте, бір деңгейлі схеманы қалдырып, екі деңгейлі «САТ» түбегейлі тоқтатылысы! Жергілікті халық өңірде бірнеше қоғамдық талқылау мен кездесулер өткізуді, оның ашықтығын қамтамасыз етуді сұрап отыр. Бұл мәселені Парламенттік бақылауда ұстауды ұсынамын.

Екінші, Солтүстік Арал теңізінің 12 шақырымдық «Көкарал» бөгетінің тұрақтылығын сақтау және қамтамасыз ету.

Үшінші, «Қамыстыбас» көлі – аймақ жауһары әрі өңірде экологиялық баланс сақтауда маңызды зор. Сондықтан оның режимін бұзудың қажеті жоқ!

Төртінші, «Ақлак» су торабының құрылысы бұрын кеуіп қалған «Қарашалар», «Баян», «Сартерен», «Домалак» және басқа да көлдерді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Енді жобаның 2-кезеңі шеңберінде «Қамыстыбас», «Ақшатау», «Ақсай» және «Қуандария» көлдер жүйесі үшін осындай жұмысты жүргізу.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

М. ЖАЙЫМБЕТОВ,
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының депутаты,
Қ.И.С.А.
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық
партиясының мүшесі

РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Орталық референдум комиссиясы мен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының электроралды оқыту орталығы сәуір күні Астанада «Республикалық референдумды әзірлеу мен өткізудің ерекшеліктері» атты республикалық онлайн-семинар ұйымдастырды. Оған саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың, масс-медиа өкілдері Zoom платформасы арқылы қосылды.

Семинар Қазақстанда атом электр станциясын салу бойынша 6 қазанға жоспарланған референдумды әзірлеу, өткізу ерекшеліктері төңірегінде өрбиді. Онлайн шараны электроралды оқыту орталығының басшысы Жанар Боқанова жүргізді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ҚР Орталық референдум комиссиясының мүшесі Сабила Мұстафина сайлау және референдум сияқты саяси-құқықтық процестерге қатысушы мүдделі санаттарды электроралды оқытуға ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді. ҚР Орталық референдум комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов республикалық референдум заңнамасындағы жаңашылдықтар туралы айтты.

— Қазақстандық және халықаралық байқаушылардың, сондай-ақ шетелдік БАҚ өкілдерінің құқықтары мен міндеттері белгіленді. Сайлау мен референдумда байқаушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың бірінші практикасын қолдану мақсатында өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, қоғамдық бірлестіктерді, коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу тәртібі, байқаушылардың құқықтары мен міндеттері көзделген, — деді ол.

Семинар барысында ҚР Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров республикалық референдумды әзірлеу мен өткізудің, ҚР Орталық референдум комиссиясы аппараты бөлім меңгерушісінің орынбасары Әшім Бердібеков республикалық референдум кезеңінде үгіт жүргізу, қоғамдық пікірге сұрау салу, қоғамдық байқау жүргізудің ерекшеліктеріне тоқталды.

Референдум өткізудегі ең басты мақсат туралы ҚР Энергетика министрлігінің атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары Гүлмира Мұрсалова кенінен баяндады. Ол Қазақстанда атом саласын дамытудағы, елдің энергия қауіпсіздігі мәселесіндегі АЭС-тің ролін жіктен берді.

— Еліміз бойынша энергияның 70%-ы көмірмен жұмыс істейтін станциялардан өндіріледі. Көбі оған газбен қосылған, тозу деңгейі өте жоғары. Дегенмен, оларды жөндеп, жаңартып жаттырмай. Елімізде энергия тұтыну көлемі жыл өткен сайын өсуде. Қажеттілікке қарай шекаралас мемлекеттерден сабып алуға мәжбүрміз. 2023 жылдың қорытындысына сәйкес Қазақстанда энергия тұтыну көлемі сағатына 115 млрд кВт болды. Оғандық станциялар соның 112 млрд-тан астам бөлігін ғана өндіріп. Қалғанын Ресейден сатып алдық. Ол — бүкіл энергия тұтыну көлемінің 2%-ы. Қолға алынып отырған іс-шаралар осындай жағдайларды болдырмауға бағытталған.

2035 жылға дейін қуаттылығы 26500 Мвт станциялар салу жоспарланып отыр. Бүкіл энергия көлемінің 6%-ы жаңартылған энергия көздерінен алынады. Ол — жел, күн электр станциялары. Сонымен қатар газбен жұмыс істейтін станцияларды дамытуға ден қоямыз, — деді министрлік өкілі.

Түркістан, Қызылорда облыстарында, Алматы, Шымкент қалаларында ірі жобалар жүзеге асырылуда. Өйткенмен, бұл көмірге тәуелді станциялар жұмысы бүгін тоқтайды деген сөз емес. Өйткені олар өңірлерде халықты жылумен қамтамасыз етеді. Мұндай станцияларға қажеттілік әлем елдерінде азайып келеді. Қоршаған ортаға көмірқышқыл газын бөлетіндіктен қаржы ұйымдары оларға қаржы жұмсауды доғарған.

Қазақстан да 2060 жылға дейін осы жолға түсуді қалап отыр.

— Мәселен, бір АЭС екі үлкен қуатты реакторы бар АЭС-ке тең. Ол тәулік бойы жұмыс істеуге қабілетті. Екінші жағынан, жасыл энергия болып саналады, — деді Гүлмира Мұрсалова.

Семинар соңында қос тарап өкілдері сұрақ-жауап алмасып, 6 қазандағы референдумның маңыздылығын қаперге түйді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДАДА РЕФЕРЕНДУМҒА
ДАУЫС БЕРЕТІН АЗАМАТТАР
ҮШІН АРНАЙЫ ПЛАТФОРМАЛАР
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

6 қазан күні елімізде Республикалық референдум өткізіледі. Маңызды саяси науқанда азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдай үшін Қызылорда облысының әкімдігі арнайы платформаларды іске қосты.

Облыс тұрғындары үшін referendum.orda.gov.kz сайты қолжетімді. Азаматтар сайтқа кіріп, ЖСН нөмірін тұр арқылы өз уақсесін оңай таба алады.

— Қызылорда облысының әкімдігі референдумға қатысуға ниет білдірген азаматтар үшін арнайы 4 сервисі жүзеге асырды. Яғни тұрғындар аталған сайтқа кіру арқылы уақсесіңіз референдум комиссиясының мекен-жайы, байланыс деректері және комиссия мүшелерінің құрамы туралы ақпаратты алады. Сондай-ақ әрбір азамат яндекс карта арқылы өз уақсесіне баратын жолдың сызбасын да көре алады. Бұл азаматтар үшін өте қолжетімді әрі оңай сервис болмақ.

Бұл қызметтер «Smart Qyzylorda» мобилді қосымшасында және телеграм желісінде де бар. https://t.me/referendumkzo_bot арнайы бот жұмыс істейді. Мұнда да әрбір дауыс беруші азамат ЖСН тұр арқылы қажетті ақпаратты көре алады, — дейді Қызылорда облысы әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сабит Ибадулла.

Мұнан бөлек, референдум кезінде жергілікті тұрғындар үшін «Желел әрекет ету орталығы» КММ-нің 109 бірінші байланыс қызметі 24/7 жұмыс жасауға дайын. Диспетчерлер тұрғындардың сауалдарына жауап беріп, уақсесіңіздің мекен-жайы туралы ақпарат беретін болады. Сондай-ақ дауыс беру күні Қызылорда қаласында 5 уақсесіңіз онлайн сервис ашылып, тізімде жоқ азаматтарды тіркеу қызметімен айналысады.

Айта кетейік, азаматтар референдум өтетін күн мен орны туралы емс хабарламалар жөнелтіледі.

Демографиялық
дағдарыстан
шығудың амалы

Оңтүстік Корея білігі бір-бірімен танысып, араласа бастаған жалғызбасты адамдарға ақша төлейді.

Бұл — елдегі демографиялық дағдарысты шешудің амалы. Мұнда бала туу көрсеткіші күрт төмендеп кетті. Өйткені баспана қымбат. Баланы бағып-қағу шығындары да аз емес. Осыған байланысты тіпті төтенше жағдай жариялауға тура келген. Содан тұрғындарды отбасын құрып, балалы болуға ынталандыру үшін түрлі бағдарламалар қолға алынған.

Мысалы, жалғызбасты жандарға кездесу ұйымдастырылады. Егер осыдан соң ер адам мен әйел қарым-қатынасын жалғастыратын болса, 500 мың вона алады. Бұл біздің ақшамен 180 мың теңгедей. Ал кездесіп жүріп, кейіннен отбасын құрса, үйлену тойына біліктен 20 миллион вона (7 миллион теңгедей) бөлінеді. Бұдан бөлек баспана сатып алу және үй жалдап тұруға да қаржылай

көмек бар. Жоба келесі айдан бастап Пусан қаласында іске асырылады. Оған 24 пен 43 жас аралығындағы тұрғындар қатыса алады.

Теміржолы жоқ
елдер де бар

Британиялық сарапшылардың болжауынша, 2050 жылға қарай өлем халқының саны 9 жарым миллиардқа жуықтайды. Олардың 75 пайызы қалада тұрмақ.

Қазір шаһар тұрғындарының саны күн сайын 172 мың 800 адамға толығады екен. Осылай жылдам өсіп жатқан қалалардың арасын жалғайтын ең тиімді көлік түрі — теміржол болмақ. Келесі жылы іргемізіндегі Қытайдағы жүрдек пойыз желісінің ұзындығы 50 мың шақырымға жетеді деген ақпарат бар. Әлемдегі теміржол желісінің жалпы ұзындығы 13 миллион шақырымнан асады. Бірінші орында — АҚШ. Қытай одан 61 мың шақырымға аз. Алғашқы бестікке көршіміз Ресей, Үндістан және Канада кіреді. Одан кейінгі орындарда Германия, Аргентина, Австралия, Бра-

зилия мен Франция тұр.

Тағы бір қызықты мәлімет. Әлемде теміржолы жоқ елдер де бар екен. Бұл қатарға Андорра, Бахрейн, Бутан, Чад, Кувейт, Тувалу және Мальдив, Маршалл, Сейшель аралдары жатады.

Екінші гауһар тас
табылды

Саха Республикасындағы Эбелях кен орнынан салмағы 52 грамм болатын гауһар тас табылды.

Бағалы дүниені мамандар алмазды кен орнының топырағын тазалау кезінде анықтаған. Графит, сульфид сияқты химиялық қоспасы бар зергерлік алмас мөлдір кристалдармен көмкерілген. Қазір ол сараптамалық бағалауға жіберілді.

Мамандардың айтуынша, бұл — осымен екінші рет Эбелях кен орнынан табылған гауһар тас. Былтыр қыркүйекте салмағы 78 грамм кристалл анықталған. Бұл — кейінгі 10 жылдағы Ресейден табылған ең үлкен бағалы тас.

Ақпарат көздерінен

Шынайы адам, шебер дәрігер Шәріпбай аға Әлназаровты білмейтін кісі кемде-кем. Жұрт жадында жатталған жаң әлі де ұмытылмақ емес. Адам жаны мен тәнінің шипагері биыл торқалы тоқсан жасқа келді. Ал өмірден өткеніне жиырма бес жыл болыпты. Уақыттың осындай үйлесімін жұптаған жылдар жаңғырығын өзімізше өрнектеп көрдік, алыста қалған асқақ армандар мен өрісі кең өмір белестерін тізбеледік.



ДӘРІГЕР ДЕГЕН ДЕГДАР

Алдымен есімі елге белгілі Ернұр Омаровтың есті естелігі есімі оралды. «Шәкең білікті дәрігер ғана емес, аңқылдаған азамат, жылы жүректі жан болатын. Данышпандар «Дәрігердің күші оның жүрегінде» деген тәсілді текке айтпаған. Ол жүрекке жүгінген, біліктілігін білген ешбір дәлелдеуді қажетсізіндей дәрігер еді» деп дәріптегені ой мен бойды жалғай түсті. Шынайы дәрігер болуға жүректің батырлығы, шексіз шыдамдылық пен сабырлы болу қасиетіне жүгінгендер талассыз жетеді. Шәріпбай ағаның шыны сол мықтылықтың межесін көрсеткендей, сонау сағымға айналған сағынштардың арасынан қылаңдап, елестейді.

Шәріпбай аға бес ағайынды еді, алып бәйтеректің бұтақтары секілді тамырды тереңге салған әйгілі әулетке айналды. Өсіп-өнген, тәрбиелі, өнегелі отбасылар санатында аймаққа жақсы тағыс. Алдыңғы буынға қарап бой түзген көргенді кейінгілер ата-аналары салған сара жолды үзбей жалғап келеді.

Осы орайда, айтауы орынсыз, Шәріпбай ағаның нағашы атасы Тасжанқожа мешіт ұстаған діндар кісі болған. Кереметі сол, ол кісі оспаға ету (прививка) жасаудың шебері болған деседі. Әсіресе, сол кездері балалар арасындағы аурушаңдықты азайтуға араша бола білген. Демек, аталары Құлболды ишан мен Тасжанның емшілік, палуан Мырзақожа бабасынан батырлық пен батылдығы қасиеті қонған.

Ал, ардақты ағамыздың өз отбасы – дәрігерлер династиясы. Сыр елінде урология саласының негізін қалаған Шәріпбай Әлназаров та, жан жары, белгілі акушер-гинеколог Шолпан Момынажықыс Көпирбаева-Әлназарова да, асылдың сынығы, тектінің тұяғы Шолпан, Ақмарал, Ақтоты да дәрігер. Байқайсыз ба, бір шаңырақтан белгілі бес дәрігер! Әкеден өсиет, анандан қасиет алған қыздар бүгінде халықтың құрметі мен елдің алғысына бөленген абырой иелері.

Әрине, әрбіріннің өз биігі бар. Солардың ішінде медицина саласының мақтаншы, қайраткер қызымыз Ақмарал Шәріпбайқызын айрықша атауға тиіспін. Ол аймақтың атқарушы қызметтер саласында түрлі лауазымдық басшылықтар жасап, сонан соң Сенат депутатығына сайланды. Өзі медицина ғылымдарының докторы. Бүгінде Ақмарал Әлназарова – ҚР Денсаулық сақтау министрі. Тәуелсіз еліміздің бас дәрігері. Сыр елінің майталманы, өрі мақтаншысы.

Әнелі шаңырақтың сәуле болып шашқан шырағы да, жайқалып өскен құрағы да осындай парасатты перзенттерімен, ұлағатты ұрпағымен үстем, мерей-мәртебесі әрдайым асқақтай береді.

«Дара дәрігер» кітабын оқығандар болса, онда балалықтан даналықа дейінгі дәрігер болмысы егжей-тегжейлі жазылған. Бірақ біздің мақсат – кітаптан көшіру емес, көңілдің жарқын беттерін ізгі ойлар табу болды.

Бұл кісінің өмірі өңір халқының өмірін өзектес, демографиясымен дінгектес, тіршілігімен тамырлас десем таңданбаймын. Былайғы ем-домын есептемей-ақ, жай ғана статистиканы сөйлестем. Урология саласында 5 мыңнан аса ота жасап, сапқа тұрғызып науқастан бүгінге дейін қанша ұрпақ өсті, өнді. Орташа 15-20 мың болса, бұл дәрігерді дегдар дейміз бе, денсаулықтың сақшысы дейміз бе, әйтеуір халықтың өмірі мен өсіміне өз үлесін аз қоспады.

Атақты Ибн Сина «Дәрігерде үш қару бар. Олар: сөз, өсімдік, пышақ» деген екен. Рас сөз. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілік жүктейтіні белгілі. Өйткені адам анатомиясын терең зерттеуге қабілеті жоғары, жіпркенбейтін, қорықпайтын, науқастың тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жандар ғана осы салада жұмыс жасай алады. Абзал ағамыздың тартынбай, табандылықпен бел шешкен байламы бір күнде болған шешім емес, оны балауса шағынан бекемден келген арман сыйнайды. Балалық шағы соғыстың өрті өршіп, ел үлкен күйзеліс кешіп, бес батпан ауырталықты арқалаған аумалы кезеңге тұспа-тұс келсе де білімге талаптанған, оқуда озат, сынпапта староста болуы болашаққа сеніммен қарауы деп білемін. Бес жасында тіреуіш бақаннан айырылып, әкеден қалған балаға оқу арман болуы мүмкін еді. Құдай берген ағалары арқа сүйеді. Сөйтіп, алған бетінен алға

ұмтылып, сабақты ине сәтімнен ілдилап жүре бастады. Тұлғасына қарасаң сүйесіңсің, оқтаудай тіп-тік, бойшаң, денесінде артық сыйлым еті жоқ пошыма құдды баскетболшыға ұқсайтын. Танымғағандар оны спортшы деп ойлауы әбден қәдік. Негізінен сыр-шылд, сезімтал, өр мінезді, жоғары намысқойлығы, шыншылдығы атағатектен арқау қасиеті шығар, кісілік келбетіне кір шалдырмай, адами қалыбынан ауытқыған кезі жоқ.

Бейкүнә кезінен іңкәрлікпен ауыз әдебиетінен сусындап, қабілетіне қарай ұлттық музыкалық аспаптарды жете меңгеріп, жан-жақтылығын, бөссаспап болмысын байқата бастады. Көзі көрмесе де көкірегі кемел Нышан әулиенің жолын жалғап, қобыздың сызын сан сарыңға салып, мұнды ырғағымен манайын тербеткен таланты да бір төбе. Өнерден есе бермес өрен осылай өсе берді.

Орта мектепті бітірісімен медициналық училищесіде оқуы мамандықты меңгеру мен денсаулық саласының маңызына мән беріп, ем-шараны терең білуге машықтанудың баспалдағы еді. Көздеген кәсіп – адам тағдырымен күресу болғасын, оның жүгін көтеруге жігері жеткілікті еді. Сондықтан төменнен жоғарыға сатылау серпілісі оянды. Бастапқы білім ізденістің іргетасы десек, 1958 жылы Алматы медицина институтын хирург мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білімді кәсіби дәрігер ретінде елге қызмет етуге келді. Жолдамамен Жаңақорған ауданына барып, алдымен хирург, сосын аудандық аурухананың хирургия бөлімінде меңгеруші болды. Маманның қат уақыты, оның үстіне хирургке өте зәру тұғын. Кей кездері травматолог болып кететіні де бар. Халықтың денсаулығы үшін дәрігер бәрине дайын болуы керек. Ол солай жасады. Бұл тәжірибесін шындауға септігі тиген, ізденістер мен талпыныстарын есе-леуге ерік берген ең бір елеулі күндер болатын.

1960 жылы дария сыр беріп, қарғын су Жаңақорған кентін басты. Төтенше жағдай республиканы дүрліктірді. Су денгейі белуарға барды, қам кесек үйлер құлап жатты. Тіседен келген суға төтеп берер не қауқар болсын, жансыз дүниелер сол замат-ақ бүйірден жамбатсай берді.

Адам шығынына жеткізбей, аудан халқының денсаулығына мұқият маңыз кою өте өзекті іс болатын. Медициналық құрал-сайман жеткіліксіз уақыт. Осындай жауапты шақта аудандық аурухананың бас дәрігері Шәріпбай Әлназарұлының ерлігі ел есінде. Ауруханадағы небәрі 2 көлікті, барлық әріптес персоналды ортақ мүддеге жұмылдырып, күн-түн демей адамның амандығы үшін арналысты. Аурухана науқасқа лық толды, онан қалды алыс ауылдарды аралап, халыққа медициналық көмек көрсету тағы бар. Үлгермей жатқан жерге өзі шабады, емдеуге шұғыл кіріседі.

Ауданға сыртынан келген көмекшілерге де жатын орын, ас-суын дайындап сабылды, көптің алаңдаулы жүзін жазуға барын салды. Сонда аудандық атқару комитетінің бастығы Зұлпыхар Мұсаханов: «Елдің басына түскен ауырпалықты азаматтарымыз көтермесе кімге шағынамыз? Қиын-қыстауға қарамастан қауіпке қарсы тұрған Шәріпбай бастаған дәрігерлер тобына алғысым шексіз. Инфекцияға ұрындырмай, өлім-жітімге жеткізбей, халықты аман алып шықты» дегені бар. Міне, дәрігер дәреметі деген осы шығар, оны академик Асқарша айтқанда, «Адамға ең жақын, ең керек екі мамандық – мұғалім мен дәрігер. Менің білуімше! Сіздің білуіңіше де солай болуы керек!»

Біреулер хирургты қатал мінезді, қабағы қатулы маман ретінде қабылдайды. Адамның ішкі ағзасын ақтарып, қолынан скальпель түспейтін салқын қанды санамайды. Шын мәнінде, мүлдем олай емес. Ол туралы Шәріпбай ағаның өзі: «Дана халқымыз «Мейірімділік – жүректен» деп бекер айтпаған, сол себепті әрдайым дәрігер мен науқастың арасында бір-біріне деген мейірімділік болса кез келген аурудың бетін қайыру қиын емес!» дейтін.

Бағалай білген кісілерге медицина қызметкерлері тұғырлы биік шын. Жалпы медицина қызметкері болу адамға денсаулық, тіпті кейде өмір сыйлау деген сөз іспетті.

Қызық, қуық ауруы дерт біткеннің ішінде адамның ең жанды жері екен. Айқсаң, сенен бақытты жан жоқтай, қуанасың, жадырайсың, жаның жай таба-

ды. Содан кейін болар, қазақстандық профессор, атақты уролог-ғалым А.Свидлер: «Уважаемые урологи! Хирурги белый хлеб кушают, а урологи белый хлеб с маслом кушают» дейтін көрінеді.

1963 жылы Қызылордаға шақырту алып, қалалық ауруханада хирург, жедел жәрдем бөлімінің меңгерушісі болып қызметін жалғастырды. Әрине, ауданға қарағанда қаланың тынысы кең, мүмкіндігі мол десек те, білікті дәрігерге белгілі бір салаға мамандануы қажет еді. Алдымен «аймақ үшін қай маманның тапшылығы бар?» деген сауал туындағанда урология алғашқы кезекке көтеріліп тұрды. Себебі аурушаңдық денгейі мен дерттің негізгі түрлерінен бүйрек, өт, қуық бездерінің асқын бөлгілері байқалды. Енді осының түйінін тауып, түбірін емдеуге уақыт жетті.

Шәріпбай ағаның жолы болды. Тағы қандай десеңіз, одақтың бас урологы, академик А.Н.Лопаткиннің клиникасына топ ете қалды. Кәдімгі көзсіз батыр, ғаламат ғалымның тап өзіне түсті.

Николай Алексеевич ардақты ағадан он жас үлкен кісі екен. Өте биязы, үйренемін дегенге ерінбей дәріс оқиды, клиникада жасалатын күрделі отаға қатыстырып отырады. Құдай айдап келген екен, әйтеуір сөзін салды. Осы жерден тәжірибесін толықтырып, шеберлігін жетілдіруге жол ашылды. Бұл жайлы аға: «Мені Мәскеу шыңдады, академик болашағымға ақыл қосты. Емдеу ісінде жүрген менің өмірімнің жарқын беті ашылды» дейтін көрінеді. Расында, осыдан кейін облыстық аурухананың урология бөлімін басқарып, он жылға таяу тапжылмай еңбек етті.

Бірде, қалалық аурухананың бас дәрігері Е.Омаров шақырды. Жай емес, бірге кеземіз істеуді қалайтынын, қала халқының денсаулығы үшін 40 төсектік урология бөлімі ашылатынын жеткізді. Осылай ол қызметке барды, бөлім меңгерушісіне тағайындалды. Қызметімен қоса облыстың бас урологы лауазымын атқарды.

Арасында мүмкіндік тауып, медицина мамандарының білімін жетілдірудің институттары мен жетекші орталықтары орналаасқан Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков, Алматыда тәжірибесін толықтырды, ғылыми негіздемеге сүйенген жаңа әдістерді үйірдені.

Осыдан кейін жоғары санатты дәрігер Шәріпбай Әлназарұлының шипагерлік шеберлігіне назары тәтті науқастар қала, облыстың бұлай кейін, республикадан арнайы іздеп келіп тұр жағдайға жетті. Бір ғана мысал. Қазак КСР Оқу министрінің орынбасары Дәулет Серікбаев Қызылордада, қалалық ауруханада жатыр дегенге сенер ме едіңіз? Өзі кімсің, еліміздің басшысы Д.Қонаевтың тұған қарындасының күйеуі. Одақтың қай қаласында емделсе де шамасы жететін абыройлы адамның тек Шәріпбай Әлназарова ғана жүгініп, сеніп келген беті екен. Бір жағынан қажы Мәді кожа әулиеден тараған көкеңеңнің тұқымынан таралған тектілігін, қанмен жалғасқан тәуіп қасиетін де жақсы білетіндіктен одан медет күтіп, тағдырын тапсыруға тура келетін. Солай болды да. Құлдан таза айғырып, бұлкілдеген бүйрек байырғы сау қызметін жалғастырды. Осыдан кейін дәрігер даңқы қалай аспандамасын!

Сол кездері бүйректің төмен түсуі (нефроптоз) Сыр елінде өршіп тұрды. Мейлінше, көпбалалы, ауыр жұмысқа жетілген аналардың азабын Шәріпбай аға ғылыми еңбекке арқау етіп, кандидаттық диссертация қорғауға дайындалып жүрді. Бірақ соңына дейін үлгермеді. Әйтпесе, қазақ қоғамы мен ғылымына тағы бір ерен еңбек қосылар еді. Дейтұрғанмен ағаның арманы аяқсыз қалмады, ғылым жолында жетістікке не ұрпақ бар.

Оның Отан алдындағы озық ісі орынды бағаланды. 1971 жылы КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, 1984 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді.

Қалалық ауруханада ескерткіш тақтасы орнатылып, Қызылорда қаласынан бір көше Шәріпбай Әлназаров есімімен аталады.

Міне, дәрігер деген дегдармыз осы. Бүгінде ұл-қыздары, немере-шөберелері әке-атасымен мақтанады. Оның облыс медицинасының дамуына қосқан үлесі тарих беттерінде жазыла береді.

Қаныбек ӘБДУОВ, журналист

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

«100 нақты қадам – Ұлт Жоспарының» 42-қадамына сәйкес кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей салықтық декларациялау жүргізу көзделген. Жалпыға бірдей декларациялаудың мақсаты – жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін бақылаудың тиімді жүйесін құру.

Мұндай жүйе көлнекі экономикаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған, сондай-ақ бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап кезең-кезеңмен енгізіледі.

- 1 кезең: 2021 жылдан бастап** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар мен олардың жұбайлары;
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар мен олардың жұбайлары;
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары;
- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация ұсыну жөніндегі міндет жүктелген адамдар;
- 2 кезең: 2022 жылдан бастап** - Мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары);
- Квaziмемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары);
- 3 кезең: 2024 жылдан бастап** - Заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары (зайыптары);
- Дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары);
- 4 кезең: 2025 жылдан бастап**

- Азаматтардың өзге қалған сапаттары декларация ұсынағын болады.

2024 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың 3-кезеңінде:

- Мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары) «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларациясын» (270.00 нысанды) тапсыруға міндетті.
- Квaziмемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары (зайыптары) «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларациясын» (270.00 нысанды) тапсыруға міндетті.
- Бұл ретте, Мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері (мектептердің, балабақшалардың, ауруханалардың, емханалардың қызметкерлері, дәрігерлер, мұғалімдер және т.б. қызметкерлер. Яғни, мемлекеттік мекемеден жалмақы алатын барлық қызметкерлер) жатады.
- Заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және олардың жұбайлары, дара кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясын» (250.00 нысанды) тапсыруға міндетті.
- Ағымдағы жылы «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясын» (250.00 нысанды) ұсыну міндеттемесі туындаған жеке тұлғалар үшін, салық есептілігі нысанының түрі «бастапқы», салық төлеушінің «Б санаты» бойынша, 2024 жылғы салық кезеңі үшін ұсынылады.
- «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясы»** (250.00-нысан) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жылжымайтын мүліктерді, банктік шоттарын, Қазақстан Республикасындағы және (немесе) одан тыс жерлердегі тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы

келісім, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, туынды қаржы құралдары, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқық, жеке тұлғаның екінші деңгейлі банктен бөлек дебиторлық және кредиторлық берешектерін көрсетуге және бағалау құны айлық есептік көрсеткіштен 1000 еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда жеке тұлғаның қалауы бойынша басқа мүлік көрсетуі мүмкін.

Жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс еткен жылдан кейінгі жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) табыс етеді.

Декларацияларды ұсыну мерзімі:

2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей жеке тұлғалар тұрғылықты жері бойынша тапсырады.

Аталған декларацияларды «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы (cabinet.salyk.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ «App Store» немесе «Play Market» немесе «e-Salyq Azamat» және «Gov mobile», «kaspi.kz», «halyk» мобилді қосымшаларын жүктеу арқылы тапсыруға болады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген «Активтер мен міндеттемелер туралы» декларацияда, «Кірістер мен мүлік туралы» декларацияда толық емес немесе анық емес мәліметтерді ұсыну, мемлекеттік кіріс орталығына салық есептілігін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272-бабына сәйкес әкімшілік шара көзделген.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

Жарқын бейнең жадымыздан өшпейді

«Бұл жалғаннан кәрі кетсе ақырет, жас кетсе қасырет» деген. Биыл тамыздың жетісі біздің әулет үшін қайтығы, ауыр күн болды. 42 жасқа қараған шағында ағам Нұрлан Серікбеқұлы мезгілсіз дүниеден өтті.



Ол артына ерген төрт бауырының тірегі еді. Ата-ананың тұңғышы, үйдің үлкен ретінде бәрімізге қалқан болды.

Дирменнің тасындай дөңгелеген дүние десенші. Нұрлан үшін сырғанын уақыттың мұнша қысқа боларын кім білді дейсің...

Арқа сүйер азаматтық жасқа жетіп, өмірдің қызығы мен шыңығы енді көре бастаған шақта абзал ағамыздың өмірден өте кеткені қабырамызға батты. Балааларымыз өсіп-жетілгенін, ел қатарлы еңбек еткенін көре алмады. Көер қызығы көп, өмірден алар ырзығы алда болатын, арманы көп еді... Ой-санамызды тілгілеп, сабырға тоқтағысы келмейтін көңілдегі мазасы ойдың ұшытығы осында.

Қалай десек те, ерте ме, кеш пе, әйтеуір адам баласының бұл дүниеден о дүниеге өтері ақиқат. Бірақ, бәрі уақытымен, мезгілімен болса дейсің. Аман қалса, Алланың жазуына көнбесе шараң жоқ. Солай десек те, ақалдың азабына көну, ақиқатын мойындау – адам үшін ауырдың ауыры екен. Ағамның мәңгілік сапарға аттанғанына сенбей, әне-міне телефон шалып, хабарласып қалатындай. «Бауырым, қалайсың?» – деп жабырқаған көңілді жадыратып жіберетіндей көрінді. Бірақ уақыт бәрін мойындайды екен. Біздің бір ғана таубе ететініміз – ағамның артында із қалғандығы.

Серікбеков Нұрлан Серікбеқұлы 1982 жылы 27 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,

Тұрмағамбет ауылында дүниеге келді. 2000 жылы №29 Т. Ізтілеуов атындағы орта мектепті аяқтап, Алматы қаласына оқуға аттанды. Мұнда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетінің «заңгер» мамандығы бойынша тәмамдалды.

2006 жылдан бері Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық прокуратурасында прокурордың көмекшісі, аға көмекшісі, прокурор лауазымды қызметтерін атқарды.

Ол қызметте кәсіби біліктілігі жоғары, өз ісінің шебері, сауатты, білімді прокурор ретінде танылды. Құқықтық мәселелерді реттеу, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша мемлекеттік айыптауды қолдау, заңдылықты қадағалау барысында өзінің заңгерлік шеберлігін көрсете білді.

Оның қызметтегі жетістіктері Бас прокуратура тарапынан ескеріліп, «Қазақстан Республикасы прокуратурасына 25 жыл» медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» III, II

дәрежелі медалімен, «Прокуратура үздігі» төбелгісімен марапатталды.

Қызметте әріптестері Нұрлан мен шеберлігінді кәсіби біліктілігі болғаны айтады. Соғта мемлекеттік айыптауды қолдау барысында азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына қол бермеген.

Өмірінің 18 жылын Қазакстан Республикасы прокуратура органдарының бөлігін нығайтуға арнады.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ол тек алды еңбек етуі болды. Өмірде салмақты да байсалды келбетінен таймай, ағайын-туыс пен жолдастарының құрметіне бөленді. Ата-анасының ардақты ұлы, іні-қарындасының асқар тау ақшылығы, отбасының тірегі болды.

Нұрланның өмірге деген құштарлығын сөзбен жеткізу қиын. Соғта демі қалғанына ауыр дертке мойынсыған жоқ. Барына күресті, қайсарлық пен қайратты мінез көрсетті. Өзінің де, өзгелердің бір сәтте болса да әлсіздік танытқанын қалаған жоқ.

Ағамның артында аулуы жары Гүлжан, қос қулышағы Балнур мен Елнур қалды. Олар Нұрланның шаңырағының отын өшірмей, шырағын сөндірмей, тіршілігін жасап жатыр.

Міне, ағамның дүниеден өткеніне де 40 күн толды. Бұл күні ата-анасы, бауырлары, забайы мен балалары, ағайын-туыс, жолдастары Нұрлан Серікбеқұлын қимастықпен еске алады.

Нұрланның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Нұрбол СЕРІКБЕКОВ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «20» қыркүйек 2024 жылы ұлғайту/АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «20» сентября 2024 года на повышение

№ р/п/п/п	Объектнің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Жилой дом/ Тұрғын үй	г.Қызылорда, мкр. Арай, үл. Жауказын, дом 56/Қызылорда к., Арай м/а, Жауказын көшесі, 56 үй	жилой дом, общ.пл.106,3 кв.м., с земельным участком, общей площадью 0,0909 га./ жалпы ауданы 106,3 ш.м., сондай-ақ жалпы алаңы бар жер учаскесімен 0,0909 га.	15 575 655 тенге/тенге	827 782.75 тенге/тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап қабылданады және Қызылорда к., Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан

Ыстық су: қондырғыдан құбырға ауысу



Фото: Аманжол

Бүгінде қаланың «Сырдария», «Сәулет», «Шұғыла», «Астана» шағын аудандарындағы, Абай, Түлкібаев, Бөкейхан, Аманкелді, Ерғешбаев, Панфилов, Чайковский, Бектұрғанов, Скотков, Мұратбаев, Әйтеке би, Төлебаев, Әуезов, Әбілқайыр хан, Алмағамбетов, Шымкент, Набережная, Тәуелсіздік, Бейбарыс сұлтан, Жәніс, Тасбөгеттегі Аманкелді көшелеріндегі, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлерге құбыр тартылууда.

Бүгінде қаланың «Сырдария», «Сәулет», «Шұғыла», «Астана» шағын аудандарындағы, Абай, Түлкібаев, Бөкейхан, Аманкелді, Ерғешбаев, Панфилов, Чайковский, Бектұрғанов, Скотков, Мұратбаев, Әйтеке би, Төлебаев, Әуезов, Әбілқайыр хан, Алмағамбетов, Шымкент, Набережная, Тәуелсіздік, Бейбарыс сұлтан, Жәніс, Тасбөгеттегі Аманкелді көшелеріндегі, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлерге құбыр тартылууда.

Бүгінде қаланың «Сырдария», «Сәулет», «Шұғыла», «Астана» шағын аудандарындағы, Абай, Түлкібаев, Бөкейхан, Аманкелді, Ерғешбаев, Панфилов, Чайковский, Бектұрғанов, Скотков, Мұратбаев, Әйтеке би, Төлебаев, Әуезов, Әбілқайыр хан, Алмағамбетов, Шымкент, Набережная, Тәуелсіздік, Бейбарыс сұлтан, Жәніс, Тасбөгеттегі Аманкелді көшелеріндегі, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлерге құбыр тартылууда.

“

Маманның айтуынша, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы есеп жүргізген. Ол бойынша пәтерлерге тартылған ыстық судың бағасы жылытқыш қосқанда электр энергиясына кететін шығыннан арзан болмақ. Ыстық суға есептегіш құрал орнатылатынын жоғарыда атап өттік, яғни пайдаланылған суға ғана ақша төленеді.

Маманның айтуынша, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы есеп жүргізген. Ол бойынша пәтерлерге тартылған ыстық судың бағасы жылытқыш қосқанда электр энергиясына кететін шығыннан арзан болмақ. Ыстық суға есептегіш құрал орнатылатынын жоғарыда атап өттік, яғни пайдаланылған суға ғана ақша төленеді.

Маманның айтуынша, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы есеп жүргізген. Ол бойынша пәтерлерге тартылған ыстық судың бағасы жылытқыш қосқанда электр энергиясына кететін шығыннан арзан болмақ. Ыстық суға есептегіш құрал орнатылатынын жоғарыда атап өттік, яғни пайдаланылған суға ғана ақша төленеді.

Жыл он екі ай үзілмейді

Жоба бойынша атқарылатын басты жұмыс ыстық су тарту екені белгілі. Оған қосымша подвалдар тазартылады, суы құрғатылып, қонысы шығарылады, құбырлардағы ақаулар жөнделеді. М.Кәрімбаевтың айтуынша, жұмыстың тәртібі мен талабы осындай. Сосын әр пәтерге құбыр, вентиль және есептегіш құрал орнатылады. Барлық үйдің под-

дастыру тапсырылған. Қазірдің өзінде бұл жұмыстар тоқтаған жоқ. Корпорацияның басқарма төрағасы кенесшісі Мұхитжан Кәрімбаевтың айтуынша, Үкімет резервінен бөлінген 11 млрд теңгеге 187 үйге ыстық су беріледі. Бүгінде конкурс жеңімпазы болған «Мелиоратор» ЖШС 119 үйде, «BSG инженеринг» ЖШС 11 және «Көкшетау гидрология» АҚ 57 үйде жұмыс істеп жатыр.

1-бет.

Бағасы тиімді болмақ

Тұрғындарды алаңдататын басты сауал – «Аристонмен» ысытқан суға қарағанда құбырмен келген су қалтаға арзан түсе ме?

Маманның айтуынша, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы есеп жүргізген. Ол бойынша пәтерлерге тартылған ыстық судың бағасы жылытқыш қосқанда электр энергиясына кететін шығыннан арзан болмақ. Ыстық суға есептегіш құрал орнатылатынын жоғарыда атап өттік, яғни пайдаланылған суға ғана ақша төленеді.

Сосын көпқабатты тұрғын үйлерде қысым, яғни жоғары қабаттарға су көтерімеу проблемасы бар. Осы жобалада әр подвалға қысымды арттыратын насос қою қарастырылған. Насостың қуаттылығы әр үйдің пәтер санына байланысты.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл – ыстық су жеткізу жұмыстарының бастамасы ғана. Алдағы жылы қалған тұрғын үйлер қамтылады.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев ыстық су тартуға бөлінген қорға қаржыны тиімді, уақытылы және сапалы игерудің маңызды мәжіліс сайын айтып келеді. Биылғы жұмыс біткен соң келесі жылға жоспарланған істерді осы бастан жүйелеуді, мердігерлердің екі ауысымдық режимге көшіп, жұмысты жеделдетуін тапсырды. Басты жеңіс – тұрғындар жылу маусымында жылумен бірге ыстық сумен де қамтылуы тиіс.

Ыстық су – қала тұрғындарының қаншама жылдан бері күткен игілігі. Қаржысы шешілген, тиімділігі есептелген жоба. Ендігі жерде оның сәтті жүзеге асып, көптің қолданысына, пайдасына жаратылуы ғана қалды. Сондықтан тұрғындардың уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарағаны ләзім.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

/// ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛАҒА ОРАЙ

АШЫ СУДЫ ТҮШЫТУ АППАРАТЫ ҚАЙТА ГҮРІЛДЕДІ

Иә, солай. Сквжинаның ашы суын түштыту аппараты қайта іске қосылды. Оқарман қауымның «қайта іске қосылуы қалай, бұдан бұрын да гүрлідеп пе еді?» деп сұрауы мүмкін ғой. Иә, ашы су түштытылған. Бірақ көп ұзамай үні өшкен. Және бір күн емес, бір ай емес, жылдар бойы сол аппараттың дауысы естілмеді. Неге? Әлдекімді күтіп жатты ма, онысы несі-әй, дейсіндер-ау! Дұрыс, әбден дұрыс.

Тұшыту су – әлемдік мәселе. Сол түштытатын ашы судың өзін таппай, тұшы суды пәленбай шақырмнан тасып отырған елді мекендер де баршылық. Арал қаласының өзі тұшы суды Сырдарияның теңізге құяр ағыннан кемеге тіркеген 200-300 тонналық баржымен, ал чоки – су стансасынан теміржол арқылы паровозға тіркелген цистерна-вагонмен тасылғанына біз күміз. Сондағы екі шелегін қолына алып кезекке тұрған қаланың халін білсең етті. Үш шақырмға созылатын-ды. Ең беделді адам ағаш бочкаға су құйып, оны есекке тіркеп, қоше жағалаған арбақештер болды. Жолдан шығып кеттім бе, қазіргі жастар ауызсудың қадірін білсін дегенім ғой.

Сонымен... 2020 жылдың мамыр айы. Қалада бір әңгіме гүледі. Құлақ түрдік. Сөйтсек, қала әкімі Бауыржан Махатов қаланың шығыс бетінде, яғни теміржолдың теңіз жағында төрт жүз метр тереңдіктен атқалған сквжинаның ашы суын тиімді сараптамадан өткізіп, тұшыту қондырғысын орнатып, көшелерді, скверлер мен парктарды, гүлзарларды, егілген алаң-теректерді суарып, көгалдандырып, абаттандырмақ деген жақсы бастама екен. Сол расқа шықты.

Мамыр айының 5 күні. Жәніс күні қарсаңында сол объектіге шақыру алдық. Бұл осыдан 15-20 жыл бұрын қазылған сквжина еді. Суы ашы болса да, бір-жар жыл бала-шаға шомылатын душ па, әлде бассейн ба, сондай бірдене салынып, ақыры аяқсыз қалған-ды. Енді сол манға ашы суды түштытатын қондырғы орнатқан. Атауы «Станция обесселвания с установкой обратного осмоса». Негізгі мәні – тұзсыздандыру стансасындағы тұшыту ғой.



Суретті түсірген Шағрат Бие

Тұшыту қуаттылығы тәулігіне 50 (елу) текше метр. Бұл аз су емес. Әуелі сквжина суы қондырғы-комплекттегі сыйымдылығы 30 текше метр резервуарға өз-өзінен заулап келіп құйылып сақталды. Одан әрі әлденеше атмосфералық қысымнан, мембраналық блоктан өтеді, сүзіледі. Минералды тұздардан әбден тазартылады. Ақыр соңында оператор-маман өндірілген таза суды екінші, сыйымдылығы 50 (елу) текше метрлік резервуарға жібереді. Цистерна толғасын қондырғы автоматты түрде жабылады. Водозоды әкел де құйып ала бер. Су тегін.

Бұлақ суының әр текше метрін «Арал-Сарбұлақ» 600 (алты жүз) теңгеден алып келдік, – деді қала әкімі Б.Махатов сауалымызға орай. – Бұл қала бюджетіне едәуір салмақ. Осы сквжинаның ашы суын түштыту арқылы «Арал-Сарбұлақ топтық су құбырының» жүгін жеңілдетеміз, әрі қала бюджетін жылма-жыл 7-8 миллион теңгеге үнемдей аламыз. Оған осы аумақтан балалар ойын алаңын, үлкен бассейн, душ, спорт алаңын салып, көгалдандырып, көркейтетін боламыз. «Өп, барекелді-ай!» дедік. Газетке жолдадық «Сквжинаның ашы суы түштытылды» деген мақаланы оқыдық («Сыр бойы», 14.05.2020 жыл).

Б.Махатов айтқандай, жұмыс жүрді. Бірақ екі ай шамасы өткенде ол басқа жұмысқа ау-

ысты. Осы тұста «Ашы суды түштытатын аппарат тоқтап қалыпты» деген сөз жүргірді. Сурау салып едік, байланысқа қала әкімінің орынбасары Ә.Сейітов шықты. Ол: «аппарат бұзылып тұр» деді де әрі қарай өз қозғамалы.

Б.Махатовтың орнына әкім болып А.Тасқынбаев келді. 15 ай отырды.

Сквжина суы сарқырап босқа ағып жатты. Енді қала әкімі сайланып екен деген сыпсын құлаққа тиді. Сол ақиқат болды. 2021 жылдың 14 қарашасындағы сайлау қорытындысымен Ербол Төлекенов қала әкімі болып сайланды.

2023 жылдың бірінші шілдесінде аудандық «Толқын» басылымында «Цистерналар күнге күйіп, тұр қаксып» атты сын мақала жарияланды. Сірә, «Пусть говорят» десе керек. Қала басшылығы елең етпеді, жауап та бермеді. Ал сквжинаның ашы суының түштытылмай, өзінің ешнәрсеге жарамағанына доданды ма, теңіз табанындағы шыбын-шіркей үймелеген шалшық айдына буырқана құлап, оның көлемін ұлғайта түсті. Алайда ол қаһары жауаптылардың құлағына жетпеді.

Осылайша Б.Махатовтың игі бастамасының ізі суып, құмға көміліп, мүлде ұмытылуға айналған төртінші жылда тағы бір қала әкімінің сайлауы болатын хабар дүңк ете қалды. Сайлау 2023 жылдың 10 желтоқсанына белгіленді. Үш жан-төксаның бірігіп, Солардың ішінен

Ұзақов Батыржан Жансерікұлының сайлауалды бағдарламасы да, өмірлерді де көпке ұналы. Айтқандай-ақ ол 13 607 сайлаушының дауысын алып, жеңіс биігіне көтерілді. Қалған екі кандидаттың, екеуінің алған дауысын қосқанда да мұның жар-тысын да құрамады.

Көп ұзамай 2024 жылдың орта тұсында «Ашы суды түштыту аппараты іске қосылды» деген сүйінші ақпарат таралды. Дүр сілкіндік. Солай қарай жастар да, қариялар да жүгірді. Танданыста шек жоқ. Төрт жыл оты сөнген аппарат гүрлідеп тұр. Біз де бардық. Су цистернаға құйылууда. Оны водоводтер тал-терекке, қоше-көшелерге шауға алып кетуде. Төрт жыл қолға түспеген запас бөлшек те, демеушілер де табылыпты. Сөйтсек, Батыржан Ұзақов осыған дейін жауапты қызметте болып, 17 жылдық жұмыс өтілінің он бір жылында ЖШС басқарып, басшылықта ысылған, жәжірбелі, білікті маман екен. Осыған қарап, үлкен кісі болар деп ойлап қалмаңдар. Жасы әлі қырыққа жетпеген осы Аралдың түлегі. Арал аудандық VII және VIII шақырылымдағы мөслихаттың депутаты болған кезде қыруар қайырмдылық істе атқарыпты. Ол енді басқа әңгіме.

Бастама да, идея да бар. Бірақ ол іске асуымен, орындалуымен ғана құнды. Батыржан Жансерікұлының өзімен де сөйлестім. Асып-тасу деген мүлде жоқ. Жігерлі сабырлы, ширақ азамат екені дауысынан-ақ сезілді.

– Сайлауалды бағдарламада, яғни сайлаушыларға берген уәдемді құнтауға кірісіп жатырмын, кезең-кезеңімен жүзеге асытып болды, аға, – деді бауу үн қатып. Одан артыққа бармады, мақтанып шалқымады да.

Жер астынан атқылған бұлақ суына қарадым. Құдай-ау, түсім бе, өнім бе, түштытылған судың сыйымдылығы елу текше метрлік цистернаға құйылған садыны ма, сылдыры ма, жо-жоқ, сарыны да, сылдыры да емес, «Біз күткен қамқоршы келді» дегендей шат жүзкісі анық естілді. Нанасыз ба?!

Шәкірат ДӨРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
тыл ардагері,
Арал қаласы

Асық атып, алтын алды

Асық атудан Қазақстан ерлер құрамасы ешкімге дес берген жоқ. «А» тобында қарсылас шак келтірмей алғашқы орынмен ақтық сынга жолдама алған Қазақстан ерлер құрамасы Қырғызстанмен кездесті. «Алау» мұз айдыны кешенінде өткен финалдық ойында отандық асықшылар қарсыластарынан 2:1 есебімен басым түсті.

Айта кетейік, асық атудан Қазақстан ерлер құрамасы топтық кезеңде Өзбекстан, Испания, Грузия, Мажарстан және Монғолия құрамаларын 3:0 есебімен жеңіп, финалға жолдама алған болатын. «ҚазАқпарат» сондай-ақ, осыған дейін Қазақстан қыздар құрамасы бес асықтан алтын медаль жеңіп алғаны туралы жазылғанын еске салып өтті.

«Алаудағы» арқан тартыс

«Алау» мұз айдынында өтіп жатқан арқан тартыс бәсекесінде Қазақстан қыздар құрамасы жеңіс тұғырынан көрінді деп хабарлайды «ҚазАқпарат». ҚР Туризм және спорт министрлігінің «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» баспасөз қызметінің хабарлауынша, әйелдер арасында 560 келі салмақ

дәрежесінде Қазақстан құрамасы күміс жүздеген болды.

Финалдық сында отандық спортшылар Ресей құрамасынан 2:0 есебімен жеңіліс тапты.

Айта кетейік, арқан тартыстан әйелдер арасындағы бәсекеге 9 мемлекеттің өкілдері қатысқан. Арқан тарту жарысына әр мемлекеттен 20 спортшы (10 ер, 10 әйел), әр түр бойынша 8 спортшы, 2 қосалқы ойыншы (10 адам) жіберіледі.

Қазақ күресі: 15 медаль

Қазақ күресінің шеберлері Көшпенділер ойындарында барлығы 15 медаль жеңіп алғанын 24КЗ жариялады.

Артылған сенімге селкеу түсірмеген балуандарымыз 12 алтын, 2 күміс, қалғаны қоланы еншілеген. Бүгінде ұлттық спорттың әлемде 40-тан астам федерациясы бар. Соның ішінде Еуропа елдері арасынан Италия құрамасы дүбірлі долада алғашқы алтынды қол жеткізіп отыр. Енді отандық федерация басшылары қазақ күресінің халықаралық аренадағы ауқымын одан әрі кеңейту үшін ағылшын тілін білетін бапкерлерге ерекше көңіл бөлмек.

«СБ» ақпарат

ҚАУІПСІЗДІКТІ ЕЛЕМЕУ ҚЫРУАР ШЫҒЫНҒА ӘКЕЛЕДІ

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқтан пайда болатын апат. Ол көбінесе құрғақшылықта, ерте көктемде және күзде болады. Табиғат апаты десек те, оның себебі мен салдары көп жағдайда қауіпсіздікті сақтамағандан болады. Залалы тек орманға ғана емес, қоршаған ортаға да тиеді.

Орман-тоғайларда өрттің шығу себептерін сараптағанда негізінен адамдардың кінәсінен екенін көреміз. Сондықтан орман-тоғайларда қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек орман шаруашылығы мекемесі ғана емес, ауылдық округ әкімдіктері олармен бірлесіп жүргізуі тиіс.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде шаруашылық басшылары атыздарды, құрғаған қалдық шөптерді өртеу кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, бақылаусыз қалдырмауы керек. Әсіресе от желдің әсерімен жақын орналасқан орман қоры жерлеріне өтіп кетіп, орны толмас шығын әкелуі мүмкін. Одан жа-

байы жануарлар мен құстар да зардап шегеді. Өрт сөндіру оңай шаруа емес.

Қорыта келгенде, орман-тоғайларда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайық! Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда ҚР ӨҚБТК-нің 367-бабына сәйкес жеке тұлғаларға 34500 теңге, лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 103500 теңге көлемінде айыппұл салынады.

Е. ШАЙХЫСЛАМ,
Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі компанияның ардагері, бұрынғы қызметкері **Малдыбаев Жеткерген Игембайұлының** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына, бауырлары мен жақын туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.